

**Бұланды ауданы бойынша субсидия алушылардың тізіміне қосуға құжаттар қабылдау мерзімдерін және субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының оңтайлы себу мерзімдерін анықтау туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Бұланды ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 20 мамырдағы № А-05/105 қаулысы. Ақмола облысы Бұланды ауданының Әділет басқармасында 2011 жылдың 2 маусымында № 1-7-134 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Бұланды ауданы әкімі аппаратының 2013 жылғы 18 маусымдағы № 03-20/761 хатымен)

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Ақмола облысы Бұланды ауданы әкімі аппаратының 18.06.2013 № 03-20/761 хатымен).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабы 1 тармағының 5 тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысымен бекітілген, өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасының 10 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 30 наурыздағы № 297 қаулысымен бекітілген, облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің тұқым шаруашылығын қолдауға 2011 жылғы республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидасының 20 тармағының 4 тармақшасына сәйкес және «А.И.Бараев атындағы астық шаруашылығының ғылыми-өндірістік орталығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2011 жылғы 22 сәуірдегі № 345 нұсқауының негізінде, Бұланды ауданының әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Бұланды ауданы бойынша субсидия алушылардың тізіміне қосуға құжаттар қабылдау мерзімдері 1 қосымшаға сәйкес анықталсын.
2. Субсидияланатын басым ауыл шаруашылығы дақылдарының оңтайлы себу мерзімдері 2 қосымшаға сәйкес анықталсын.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары О.Қ.Смағұловқа жүктелсін.
4. Осы қаулы 2011 жылғы 20 сәуірінен бастап туындаған құқықтық қатынастарға тарайды.
5. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік

тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Бұланды ауданының әкімі* *Е.Нұғыманов*  
Бұланды ауданы әкімдігінің  
2011 жылғы 20 мамырдағы  
№ а - 05 / 105 қаулысына  
1 қосымша

### **Бұланды ауданы бойынша субсидия алушылардың тізіміне қосуға құжаттар қабылдау мерзімдері**

1	Көктемгі-егістік және орақ жұмыстарына қажет жанар-жағар материалдарының және басқа тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға субсидия алушылар тізіміне қосуға	2011 жылғы 05 мамырдан 05 маусымға дейін
2	Тыңайтқыштардың құнын және отандық өндірушілер өндірген гербицидтер мен ауылшаруашылық дақылдарын өндеуге жұмсалған шығындардың құнын арзандатуға бағытталған субсидияларды алушылардың тізіміне қосуға	2011 жылғы 05 мамырдан 05 маусымға дейін
3	Ауылшаруашылық дақылдарының элиталық дақылдарын нарықтық бағамен сатып алуға бағытталған бюджеттік субсидияларды алушылардың тізіміне қосуға: жазғы дақылдар бойынша – күздік дақылдар бойынша -	- 2011 жылғы 05 мамырдан 05 маусымға дейін - 2011 жылғы 10 карашаға дейін

Бұланды ауданы әкімдігінің  
2011 жылғы 20 мамырдағы  
№ а - 05 / 105 қаулысына  
2 қосымша

### **Басым ауылшаруашылық дақылдардың әрбір түрі бойынша егудің оңтайлы мерзімдері**

№ р/р	Басым дақылдардың атауы	Егу мерзімі
1	Орташа кеш пісетін жазғы бидай	мамырдың 10-нан 26 дейін
2	Орташа мерзімде пісетін жазғы бидай	мамырдың 12-нен 28 дейін
3	Орташа ерте пісетін жазғы бидай	мамырдың 15-нен 31 дейін
4	Жазғы арпа, сұлы	05 маусымға дейін
5	Бұршақ	мамырдың 10-нан 25 дейін

6	Ноқат	мамырдың 8-нен 15 дейін
7	Қаракұмық	мамырдың 25-нен маусымның 04 дейін
8	Майлы тұқымдық күнбағыс	мамырдың 8-нен 18 дейін
9	Рапс	мамырдың 15-нен 25 дейін
10	Майлы зығыр	мамырдың 18-нен 25 дейін
11	Қыша	мамырдың 15-нен 25 дейін
12	Мал азықтық дақылдар (бұрынғы жылдары себілген көп жылдық шөптерді қоспағанда)	10 маусымға дейін
13	Сүрлемге арналған жүгері	мамырдың 17-нен 25 дейін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК